Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

26 ақпан сенбі
№16 (1821)
2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



«ДХР» МЕН «ЛХР»: ТӘУЕЛСІЗДІКТЕН СОҒЫСҚА ДЕЙІН

Ресей президенті Владимир Путин 21 ақпанда Донецк пен Лугансктың тәуелсіздігін мойындайтынын айтып, тиісті жарлыққа қол қойды. Бұған дейін Донецк пен Луганск басшылары Денис Пушилин мен Леонид Пасечниктің өздері тәуелсіз деп жариялауды сұраған болатын. Онсыз да от пен оқтың алдында тұрған «Ресей-Украина» ахуалы осы шешімнен кейін қиындай түсті. Донбасстағы оқиғалар хронологиясына тоқталып, саяси шешімді саралауды жөн көрдік.

21 ақпан кешкілік уақытта қабылданған шешімді Еуроодақ елдері құптамайтыны анық. Бұған Путиннің мәлімдемесінен кейін Еуроодақтың сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты жөніндегі жоғары өкілі Жозеп Борреллдің «Еуроодақ елдерінің барлығы Донецк пен Луганскінің тәуелсіздігін мойындауына бірауыздан жауап береді», – деген сөзі дәлел. Онымен қоса Еуроодақ Ресейді халықаралық құқықты, Украинаның аумақтық тұтастығын және Минск келісімдерін өрескел бұзды деп айыптады.

Алайда Ресей президенті ештеңеге қарамастан «ДХР» мен «ЛХР» деп жариялады және ресейлік әскерге ол жерлерде бейбітшілік пен тыныштықты сақтау миссиясы тапсырылды. «Донецк Халық Республикасы басшысының РФ Қорғаныс министрлігіне жолдаған үндеуіне байланысты осы Жарлықтың 3-тармағында көрсетілген келісім жасалғанға дейін Ресей Федерациясының Қарулы Күштері мен Қорғаныс министрлігі Донецк Халық Республикасының территориясында бітімгершілік қызметін атқарады», – делінген тапсырмада. «ЛХР» жерін қорғау үшін де дәл осындай тапсырма жүктелді.

> ***Украина президенті Владимир Зеленский Ресейдің шешіміне келіспей, өз елінің шекарасындағы аумақты шет мемлекеттердің тәуелсіз деп жариялағанына қарамастан ел шекарасы өзгермейтінін айтты. «Біз өз жерімізде ешкімнен де, ештеңеден де қорықпаймыз. Өзгелерге де ештеңе бермейміз. Біз бұған сенімдіміз. Өйткені қазір 2014 жылдың ақпаны емес, 2022 жылғы ақпан. Қазір бізде жаңа ел, жаңа әскер. Ал біздің басты мақсат – Украинадағы бейбітшілік».***

Дегенмен Украина президенті Владимир Зеленский Ресейдің шешіміне келіспей, өз елінің шекарасындағы аумақты шет мемлекеттердің тәуелсіз деп жариялағанына қарамастан ел шекарасы өзгермейтінін айтты. «Біз өз жерімізде ешкімнен де, ештеңеден де қорықпаймыз. Өзгелерге де ештеңе бермейміз. Біз бұған сенімдіміз. Өйткені қазір 2014 жылдың ақпаны емес, 2022 жылғы ақпан. Қазір бізде жаңа ел, жаңа әскер. Ал біздің басты мақсат – Украинадағы бейбітшілік», – деді Зеленский 22 ақпандағы мәлімдемесінде.

Ұлыбритания Путин жасаған шешімге қарсы келіп, әдеттегідей санкциялар енгізді. Оның ішінде Промсвязьбанк, Өнеркәсіптік жинақ банкі, Черномор даму және қайта құру банкі, Генбанк және Ресей акционерлік банкіне және Путин мен оның үш жақынына индивидуалды санкция жарияланды. Алайда бұл санкциялар Ресейге айтарлықтай әсер етіп, райынан қайтара алған жоқ. Әлемдік сарапшылар да Ресей экономикасының түрлі санкцияға қарсы «иммунитеті» барын, шектеулер еш кедергі келтірмейтінін алға тартуда.

Ресейге қарсылық білдіру мақсатында Германия Еуропаға «көгілдір отын» тасымалдайтын «Солтүстік лек-2» (Северный поток-2) газ құбырының жұмысын тоқтатты. Америка да Ресейдің әскери-өнеркәсіптік кешеніне қызмет көрсететін «Промсвязьбанк» пен экономиканы дамыту жобаларын қаржыландыратын «ВЭБ» мемлекеттік инвестициялық банкіне санкция жариялады. Сонымен қатар ЦСКА футбол командасы да санкцияға ұшырады. АҚШ президенті Джо Байден Донецк пен Луганскті тәуелсіз деп жариялағаны үшін қолданылатын санкциялар 2014 жылғыдан да қатал болатынын ескертті.

2 БЕТТЕ

Ақмарал ӘЛНАЗАРОВА, ҚР Парламенті Сенатының депутаты:

«ЖАЛҒАН СТАТИСТИКА ЕЛДІҢ МӘСЕЛЕСІН КӨРСЕТПЕЙДІ»

Ел аманатын арқалап елордаға кеткен халық қалаулыларынан көптің күтері көп. Қоғамдағы түйткілді мәселенің түйінін табар ма екен деп еленедейды. Бір сөзбен айтқанда, депутатқа артылар жүк те, айтылар сын да аз емес. Халық үнін еститін, елдегі мәселені жүрегінен өткізіп, тиісті заң қабылдарда ел игілігіне лайық шешім қабылдайтын Парламент депутаттарымен сұхбат жүргізіп келеміз. Бұл жолы ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ақмарал Әлназаровамен сұхбаттасудың сәті түсті.

3 БЕТТЕ

Қала әкімі Ғанибек Қазантаев қалаға арнайы келген түркиялық «DEMS constraction» және «Tremesheli Holding» компанияларының басшыларын қабылдады. Кездесуде қос инвестор облыс орталығынан 9 және 14 қабатты тұрғын үй кешенін салуға ниетті екенін жеткізді.

ҚЫЗЫЛОРДАДА 14 ҚАБАТТЫ ҮЙ САЛЫНБАҚ

Құрылысы қарқынды, зәулім ғимараттар бой түзеген Қызылорда қаласы үшін бұл ерекше ұсыныс. 20 жылға жуық шет мемлекеттерге инвестиция құйып, ғимараттар тұрғызған қос компанияның тәжірибесі мол, нарықта беделі жоғары. Сондықтан олар еліміздің алғашқы астанасы атанған Қызылорданың төрінен соңғы үлгідегі көпқабатты үй салуды мақсат етіп отыр.

Жоспар бойынша мың пәтерлік көпқабатты үй салынады. Кешенді құрылысқа емхана, мектеп, балабақша, спорттық алаңдар кіреді. Аталған инвесторлар жобалау жұмысын жасаса, облысымызға танымал «ДорСтрой» ЖШС құрылыс жұмыстарын жүргізеді. Нысан түсетін орын да белгіленіп тұр.

Қала әкімі Ғанибек Қазантаев инвесторларға қала әкімдігі тарапынан барынша қолдау білдіріп, инфрақұрылым жүргізу жұмыстарын жеделдететінін айтты. Сонымен қатар оларға сырттан ешбір маман алып келмей, кәсіптік оқуын тәмамдаған қызылордалық жас мамандарды қайта даярлап, жұмысқа қабылдау қажеттігі басты талап екенін айтты. Осылайша қос тарап ортақ мәмілеге келіп, сәуір айында нақты эскиздік жобаны талқылауға уағдаласты.

«Ақмешіт-ақпарат»

Бүгінгі өскелең ұрпақ – еліміздің ертеңгі тұтқасын ұстайтын тұлғалар. Ал өз кезегінде оларға ата-ана мен білім ошақтарынан өзге ұлттық тәрбиені ұлықтайтын тағы бір тың дүние, ол балалар әдебиеті ҺӘМ осы тақырыпта қалам тартатын қаламгерлер. Ел аузындағы аңыз әңгімелер мен бүгінгі қазақы салт-сананы ұштастырып, оны бүлдіршіндерге лайықтап жазу оңай шаруа емес. Баланың түсінік-танымына ыңғайлап, санасына ауырлық салмайтындай етіп жазу да біраз тер төгуді қажет етеді. Ересек адамға қарағанда, жан-жағын енді танып жатқан бала психологиясына талдау жасап, әр шығарманы лайықтап жазу көптің қолынан келмейтіні тағы бар. Содан болар, әйтеуір, қазіргі таңда осы бір қызығы мен қиындығы бірге жүретін балалар әдебиетінің зерттелуі біраз кенжелеп қалды. Осы орайда балалар әдебиетінің халін сараптап көрдік.

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БҮГІНГІ АХУАЛЫ

Бүгінді айтпай тұрып, әуелі өткенге көз жүгіртіп алайық. Жалпы XIX-XX ғасырда бөлек сала ретінде қарастырыла бастаған балалар әдебиеті небір керемет туындылармен толықты. Алаштың зиялы қауымы ғасырға бергісіз үлкен шығармалар жазып қалдырды. Бүгінгі оқулығыңыздағы 80 процент шығарма солардың еншісінде. Хош. Кеңес одағының кезінде ереже мен талаптар қатты бақыланғандықтан аса бір еркіндеу болды деу қиын. Ал енді тәуелсіздік алғалы балалар әдебиеті біраз өзгерді. Өйткені бұрындары рұқсат етілмеген түрлі тақырыптарға тосқауыл жасалмады. Сондықтан тың бағыттағы шығармалар мен кейіпкерлер саны артты. Бүгінде кеңестік үкіметтің «сарабдал» саясатын көрсетуге бағытталған кейіпкерлердің орнына ұлтын сүйетін «шынайы» кейіпкерлер келді. Бұл өз кезегінде балалар әдебиетінің «бұрынғыдан өзгерек» биікке шығуы еді. Дегенмен, өткен мен бүгінді сараптап қарасақ, барлық шығарма ата жолының жалғасып, бабаларымыздың бала тәрбиелеу әдісін негізге алып отырғанын байқаймыз. Қазақ елі өз алдына дербес мемлекет болуы балалар әдебиетіне де өзгеше леп алып келгеннін айта кету керек.

Кеңестік кезеңде тақырыптарға айтарлықтай бақылау болғанын мақала басында айттық. Ол кезде үкімет не десе, шығармалар да соның шеңберінен аса қоймаған. Соның әсерінен ұлттық дүниелерге аса мән берілмеген. Бұл жайт балалар әдебиетіне де кесірін тигізді. Қазынамыз деп білетін фольклор жанрындағы зерттеу жұмыстары кенжелеп қалды. Сондықтан қазір осы олқылықтың орнын толтыру керегі көрініп тұр.

Жалпы қазақ балалар әдебиетінің зерттелу жайы сөз болғанда, ғылыми еңбектерге тоқталмай өте алмаймыз. Бүлдіршіндерге арналған түрлі әдебиеттерге ізденіс жұмыстары өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап зерттеле бастады. Қадыр Мырза Әлі, Серік Қирабай секілді тұлғалардың еңбектері әлі күнге маңызын жоймаған. Олар еңбектерінде балалар прозасы, поэзиясы жайында толымды ойлармен, өткен мен бүгінді саралап, тың идеяларымен бөліскен. Бұдан өзгеде әдебиет жанашырлары балалар әдебиетіндегі маңызды мәселелерді көтеріп, сыни мақалалар жариялады. Олар газет беттерінде жиі-жиі жарық көріп тұрған. Ахмет Байтұрсынов, Мәлік Ғабдуллиндер халық ауыз әдебиетінің бүлдіршіндерге әсері жайында еңбектер жазған. Әрине, бұл жұмыстар өткен кезеңде балалар әдебиетінің сарапталғанын байқатады. Әйткенмен жаңа заманда бұл үлкен мәселе болып тұр. Заманауи балалар әдебиетінің зерттелмеген кемшін тұстары әлі де бар. Кітаптар мен ақпараттарды ақтарып отырып түйгеніміз осы.

Болашақ жастардың қолында десек, олардың білікті ҺӘМ білімді болып өсуі үшін поэзияның орны ерекше. Тәуелсіздікке алғалы әдебиет те біршама өзгеріс орын алды дедік. Соның ішінде балаларға арналған әзіл-өлеңдердің орны бөлек. Бүлдіршін бойындағы ұнамсыз қылықтарды сынап, сол арқылы өз мінін өзіне көрсету әдісін жазушылар өте жақсы қолдана білген. Мәселен, Ә.Ысқақтың «Кино көргіш Шонай» және Қ.Баянбаевтың «Байлаулы бала» соның дәлеліндей. Бұлардың сюжетін ұзын сонар жазғанымыз артық болар.

2 БЕТТЕ

КЕЛЕСІ САНДА:

ЕЛДЕН СҰРАҚ, ӘКІМНЕН ЖАУАП

«ДХР» МЕН «ЛХР»: ТӘУЕЛСІЗДІКТЕН СОҒЫСҚА ДЕЙІН

ҚАЗАҚСТАН ШЕШІМДІ ҚОЛДАЙ МА?

Қазақстан әлі де болса Донецк пен Лугансктің тәуелсіздігін қолдау туралы шешім қабылдаған жоқ. Жалпы тек Қазақстаннан ғана емес ТМД-ның бірқатар елдері де Мәскеудің бұл шешіміне өз ұстанымдарын айқындаған жоқ.

ТМД елдерінен ең бірінші болып Грузия президенті Саломе Зурабишвили үн қатты. Ол бұл шешімді құптамайтынын айтып, 2008 жылғы сценарийдің қайталанатынын жеткізді. Алайда Венесуэла, Куба, Накарагуа, Абхазия, Оңтүстік Осетия мен Сирия секілді мемлекеттер ең бірінші болып Путин шешіміне қолдау білдіргендей болды. Дегенмен олардың арасында әлі де болса ахуалды бақылап, келешекте ахуалға байланысты өз шешімін қабылдайтын елдер бар.

22 ақпанда Қазақстанның Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді ДХР мен ЛХР-ге қатысты жауап беріп, Қазақстан Донецк пен Луганскіні мойындау мәселесін көтермейтінін айтты.

– Таяу сағаттың ішінде Қазақстанда Қауіпсіздік кеңесінің отырысы өтіп, онда Қазақстанның ресми ұстанымын қабылдаймыз. Бірақ Қазақстанның Донецк пен Луганскіні мойындау мәселесі көтеріліп отырмағандығына сендіргім келеді. Біз халықаралық құқық негіздерін және БҰҰ Жарғысының негізгі ұстанымдарын ұстанамыз. Қазір ахуал нашарлап, шиеленіс күшейіп бара жатқаны түсінікті. Сондықтан Қазақстан барлық халықаралық қоғамдастықты шиеленісті шешуде дипломатиялық күш-жігерді қолдануға шақырады әрі соған дайын, – деді Қазақстанның Сыртқы істер министрі.

Сондай-ақ Мұхтар Тілеуберді БАҚ өкілдерінің «Ресей өтініш білдірсе Қазақстан Донецк пен Луганскіге өз әскерін жібере ме?» деген сауалына да жауап берді. Оның сөзінше, Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымына Қазақстан кіретін болғандықтан заң бойынша ол жаққа әскер жіберуге құқы жоқ. Яғни, Қазақстаннан әскери көмек берілмейді.

Одан бөлек Украинадағы ахуалға қарамастан Қазақстан елшілігі өз қызметін тоқтатқан жоқ. Сондай-ақ ахуал ушыққан жағдайда қазақстандық азаматтарды Украинадан шығару мәселесі де талқыға салынды. Мұхтар Тілеуберді қандай да бір әскери іс-қимыл орын алған жағдайда елшілікке хабарласу керектігін ескертті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев оқиғаға байланысты Ақордада Қауіпсіздік кеңесінің шұғыл отырысын өткізді. Президент Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың, Ұлттық Банк төрағасы Ғалымжан Пірматовтың, Премьер-Министрдің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеубердінің, Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовтың және басқа да ведомство басшыларының баяндамаларын тыңдады. Содан соң Қасым-Жомарт Тоқаев әскери-саяси және санкциялық текетірестердің нәтижесінде ушығуы мүмкін халықаралық ахуалға шұғыл әрекет ету үшін дағдарысқа қарсы жедел шаралар жоспарын қабылдау қажет екенін айтты.

Басы 1-бетте

Одан бөлек мемлекет басшысы Ресей Президентімен телефон арқылы сөйлесіп, Путин Қасым-Жомарт Тоқаевқа Украина мәселесіне қатысты Ресей басшылығының ұстанымы туралы айтты.

Қысқасы, ресми ақпараттарға сүйенсек, Қазақстан Ресейді қолдайтыны немесе бұл шешімді құптамайтыны туралы сөз болмаған. Яғни, біздің билік бұл оқиғаға байланысты бейтарап жолды таңдады.

КҮН КҮРДЕЛІ БАСТАЛДЫ

24 ақпандағы таң Украина үшін күрделі болды. Жергілікті уақыт бойынша шамамен таңғы сағат 6-да Ресей Украина жеріне әуе күштерімен оқ атуды бастады. Владимир Путин бұл әрекетін Донбасс республикалары басшыларының өтінішіне жауап ретінде арнайы операция басталды деп түсіндірді. «Донбастағы республикалардың басшылары көмек сұрады. Осыған байланысты мен арнайы операция жүргізу керек деген шешім қабылдадым», – деді Владимир Путин телеүндеуінде.

Осыдан әлеуметтік желіде Украина жеріндегі қарулы қақтығыстар туралы ақпарат көптеп тарады. Желідегі жазбаларға сенсек, ресейлік әскер ең алдымен әуе күштерімен бомбаласа, кейінірек десанттық шабуылшы әскерлер қарулы атысты бастады. Жергілікті басылымдардың хабарлауынша, ең алдымен Киев, Харьков пен Храматорск қалаларында жарылыстар естілген. Украинаның шекара қызметі Луганстан Житомирге дейінгі барлық периметрден шабуыл басталғанын хабарлады.

Ресей Президентінің үндеуінен кейін Байден де үндеу жолдап, өз сөзінде «Путин адам шығыны көп болатын және қайғыға алып келетін соғысты таңдады. Украина жеріндегі адам шығынына Ресей жауап беру керек. Ресейдің бұл ісіне АҚШ пен оның одақтас елдері бірдей қатаң жауап қатады», – деді. Алайда бұған дейін Украинаға қару-жарақпен көмек берген АҚШ та, оның одақтас елдері де қарулы қақтығыста бас көрсетіп, украиналықтарға көмектескен жоқ. «АҚШ пен оның серіктестері Ресейге қатысты барлық мүмкін болған қатаң санкцияларды қабылдайды», – деп жазды CNN.

Ал Зеленский осы уақытта елде түгелдей «соғыс жағдайын» жариялап, Ресейге қарсы соғысатынын мәлімдеді. Бұл уақытта Украинаның қарулы күштері елдің 5 аэродромына ракеталық бомба бағытталғанын мәлімдеді. Алайда Украина президентінің сөзінше, ол мұндай жағдай болатынын білгендіктен аэродромдардан барлық әуе техникаларын алып тастаған. Түскі уақытта Украинаның ішкі істер министрлігі Ресей 24 облыстың 17-іне қарулы шабуыл жасағанын хабарлады.

– Украина Ресеймен дипломатиялық қарым-қатынасты бұзды. Ресей фашистік Германия секілді таңертең тұтқиылдан шабуыл бастады. Біз халыққа қару таратуды бастадық, – деді Зеленский өз үндеуінде. Одан бөлек ол орыс тілінде «Бүгін мен Ресей президентімен телефон арқылы сөйлестім. Нәтижесі – үнсіздік. Алайда үнсіздік, тыныштық Донбасста болу керек. Сондықтан мен бүгін Ресей халқына Президент ретінде емес, Украина азаматы ретінде үндеу жариялаймын. Біздің арамызда екі мың шақырымнан артық шекара бар. Сол шекарада қазіргі кезде шамамен 200 мың әскер, мыңнан астам әскери техника тұр. Бұл біздің жер. Кіммен, не үшін соғысасыздар? Бұл үндеуді Ресейде көрсетпейтіні анық. Бірақ Ресей халқы бұл туралы білуі керек», – деді. Сондай-ақ Зеленский орыстар мен украиндар екі түрлі халық екенін, бірақ бұл араздасуға себеп еместігін айтты.

Бұл қақтығыста НАТО тек қатаң санкциялармен, батыс елдерінің басшылары Путинге үндеумен ғана шектелді. Ал Кремльдің баспасөз хатшысы Псков «Ресей мен Украина арасындағы шиеленіске байланысты бізде бірнеше мемлекетпен байланыста қиындықтар болуы мүмкін. Алайда бұл қиындықтар бұрын да бар еді», – деп санкцияларға селт етпейтінін ашып айтты.

Ал Зеленский өзінің кезекті үндеуінде бұл мәселені бейбіт жолмен шешуге дайын екенін, екі жақтан да адам шығыны барын, қару ұстай алатын барлық азамат елге пайдалы болатынын айтты. Одан бөлек ол барлық ел басшыларына «Егер бүгін сіздер бізге көмектеспесеңіздер, ертең соғыс сіздердің есіктеріңізді қағады», – деп баса айтты.

Дегенмен бұдан ешқандай нәтиже шықпады. Батыс басшылары аса бір көмек бере алмады. Барлығы сол санкциямен шектелді. Эстония Парламенті ғана Украинаның НАТО құрамына кіруіне кандидаттық беруді ұсынып, депутаттар Украинаға Еуроодақ пен НАТО-ның кандидаты болуы үшін жол картасын беру туралы шешімге дауыс берді. Ал бұл тұста Ресей Чернобыль АЭС-ін басып алып, қызметкерлерді тұтқынға алған еді.

Байден болса соғыстан ашық түрде бас тартты. Ол өз сөзінде ресейлік банктерге, активтеріне санкция жариялағаны туралы айтты. «Мен тағы да айтамын, АҚШ әскері Украина жеріндегі соғысқа қатыспайды», – деді Джо Байден.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚАЙТПЕК?

Түнгі уақытта Украина жеріндегі азаматтарға үйде қалуды ұсынды. Өйткені түнде тағы да бомбалау жүруі мүмкін. Одан бөлек әр қаладағы арнайы бункерлердің картасы жарияланды. Украиндықтар сондай-ақ жерасты метрода бой тасалады. Ал Қазақстан елшілігі ҚР азаматтарын елге қайтару жұмыстарын шұғыл түрде жүргізе бастады.

Қазақстанның Сыртқы істер министрлігінің хабарлауынша, Украинада соғыс басталмас бұрын шамамен 1113 адам сол жаққа қоныс аударса, 517 адам уақытша Украинада болған. Олардың көбісі Киев қаласы мен Киев, Одесск, Харьков пен Львовск облыстарында тұрады екен.

Қазақстан елшілігі 25-26 ақпанда «Air Astana» әуе компаниясы арқылы Қазақстан азаматтары үшін репатриация рейсін жүзеге асыруды жоспарлап отырғанын мәлімдеді. Бұл рейс Польшаның Катовице қаласынан жүзеге асырылмақ. Ал Украина мен Польша шекарасынан әуежайға дейін визасыз «жасыл дәліз» жасалмақ.

Сонымен қатар елшілік Украинадағы қазақстандықтарды Львов қаласына келіп, мүмкіндігінше Қазақстанның құрметті консулдығына жиналуға шақырды.

Дегенмен желідегі жазбаларда Украина ішінде кептеліс орнағаны туралы көптеп жазылуда. Халық мүмкіндігінше шетелге асып кетуді көздеп отыр. Сондай-ақ бомбалау жүріп жатқандықтан көшеде жүру қауіпті.

Соңғы дерек: Францияның қорғаныс министрі Флоранс Парли Еуропа мен АҚШ-та Ресеймен соғысу мақсаты жоқ екенін мәлімдеді. «Біз Ресейге соғыс ашқан жоқпыз. Ешбір Еуропа елі немесе АҚШ Ресеймен соғысқысы келмейді деп ойлаймын. Біздің басты мақсатымыз – атысты тоқтату», – деді ол. Ал Зеленский Украина әлі де болса Ресеймен келіссөз жүргізуге дайын екенін айтып, шарттары орындалса бейтараптықты сақтап қала алатынын жеткізді. «Украина бейтараптық статусын сақтап қалу туралы келіссөздерге дайын. Алайда ол үшін Ресей қауіпсіздік туралы кепілдік беру керек», – деді Украина Президенті. Кремльдің баспасөз хатшысы Дмитрий Песков Украинаның бұл ұсынысын Мәскеу саралап көретіндігін жеткізді. Сондай-ақ ол журналистерге берген баспасөз жиынында Ресей Украинаның Президенті Владимир Зеленский екенін мойындайтынын айтты.

P.S. Бұл қарулы қақтығыстың әйтеуір бір күні болатыны айдан анық еді. Дегенмен Украина НАТО мүшелерінен көп үміт күткен секілді. Алайда батыс елдердің батылдығы жетпегендіктен бе, әлде бүлікте бүлінгісі келмегеннен бе Украина жерінен табылмады. Болжам бойынша Ресей қарсылық білдірген украиналық аймақтық күштерді өз бақылауына алады. Кейін өзінің басты күштерімен Киевті қоршауға алып, «Басқару орталығына» басып кіретінін дәлелдейді. Міне, осыдан кейін Мәскеу өзінің ультиматумын қойып, келіссөздер үстеліне жиналады. Дегенмен бұл жай болжам ғана. Себебі Ресейдің негізгі шынайы мақсаты қандай екені әлі күнге белгісіз.

А.БІРКЕНОВ

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БҮГІНГІ АХУАЛЫ

Жалпы әдебиет, оның ішінде балалар әдебиеті – айтар ойы басқаша пікірде берілетін бөлек сала. Ата-бабадан қалған бар жақсыны бойға сіңіруде өлең, ертегі, дастан, жаңылтпаш, мақал, жұмбақ пен әңгімелердің алар орны зор. Оның пайдасы көп болды. Қазақтың бүгінде «бұзылмай» жетуіне бұлар үлкен рөл атқарды. Алайда баяғы батыр, баяғы бимен бүгінгі баланы таңғалдыру қиын. Сондықтан қазір балалар әдебиетінде бұларды жаңа кейіпкерлердің бейнесімен береді. Оның ішінде «Супермен», «Бэтман» «Халк» тағы басқа заманауи персонаждар бар. Міне, солай. Жалпы балаларға арналған әдебиет өткен ғасырдың 30 жылдарында әдебиеттің жаңа саласы болып қалыптасты дегенмен, негізгі түбі ата-баба ілімінде жатқаны түсінікті шығар. Сол себепті зерттелу жайы қозғалғанда халықтық педагогиканы атап өту керек. Балдырғандар поэзиясы мен прозасы бүгінде біршама өзгеріске ұшыраған. Шығармалардың стилі, сюжеті, идеясы бәрі-бәрі өзгерген. Балдырғандар әдебиетіне үлкен еңбек сіңіріп, қалам тартқан Абай Құнанбаев пен Ыбырай Алтынсарин бастаған ақын-жазушыларды айтуға болады. Олардың туындылары қазіргі оқулықтарда және кітаптарда көп. Бір өкініштісі сол, қазір өткен ғасырда өмірге келген туындыларды жаңа авторлардың еңбегі баса алмай жатыр. Көп сөйлеп созбай, бір-ақ мысал келтірейікші. Ел ішінде бүгінге дейін балалар әдебиетіне арналған қаншама байқау өтті. Бірақ лайықты деп танылғандардың ішінде жаңа авторлардың еңбегі некен-саяқ. Хош. Өткен ғасырдың соңында балалар әдебиеті қызықты-қызықты сюжетпен жазылған үлкен шығармалармен толықты. Бұл уақыт балалар әдебиетінің кең қанат жайған уақыты болатын. Мәселен, Сейдахмет Бердіқұлов, Әкім Таразидің еңбектері әлі күнге дейін маңызын жоғалтпаған, қызығып оқитын туындылар қатарында. Сол кезеңдерде шыққан өзге де шығармалар кішкентай оқырманды адалдық, адамгершілік, еңбекқорлық, сыпайылыққа тәрбиелейтін әдіске айналды. Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» және «Балалық шаққа саяхат» повесінің өзі неге тұрады?! Осынау шығармалардың астарына үңілсек, көп дүниені байқауға болады емес пе? Шығарманы былай қойғанда оның жазылу стилі, бала санасына ыңғайлап берілуінің өзі өзгеше шеберлік.

Айтпақшы, өткен ғасырдың басындағы балалар тағдырын Сапарғали Бегалин, Сәбит Мұқанов сияқты тұлғалардың да туындыларынан көруге болады. Бүгінде балалар әдебиетінің дамуына өз үлесін қосып жүрген ақын-жазушылар бар. Кеңес Оразұлы, Байбота Қошым-Ноғай, Есей Жеңісұлы, Сұлтан Қалиұлы сияқты қаламгерлер қазіргі балалар әдебиетінің дамуына айтарлықтай еңбек сіңіріп келеді. Балалар прозасына Аягүл Мантай, Бейбіт Сарыбай секілді қаламгерлер жаңа леп әкелді десек қате айтпаймыз. Бірақ жастар арасында тәуір жазатындары, ел білетіні саусақпен санарлық.

Қазақ бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Жас буынды тәрбиелеуде ата-ананың, яғни отбасының орны айырықша. Бүгін шыққан ақпарат ертең көнеріп қалып жатқан жаңандану заманында бала тәрбиесі біршама қиындағаны белгілі. Өкінішке қарай, әке-шешенің таңның атысы, кештің батысы тірлік қамымен жүруі бала

тәрбиесін тек тәрбиелеуші мен ұстазға артып қойды. Қазір бұрынғыдай шамның жарығымен кітап оқитын бала, не ертегі мен өлең айтатын қариялардың да қатары сиреді. Бала электронды ақпаратпен күн кешуде. Бұл да қазір балалар әдебиетіне әсер ететін көлеңкелі тұс болып тұр.

Ұрпақ тәрбиесі ұлт мойнында екені белгілі. Көбіне тәрбие беріп, үлкен өмірге бағыт-бағдар беретін ұстаздар қауымы. Дегенмен балалар тәрбиесінде көнені дәріптейтін, өткенін өскелең ұрпақтың есіне салып отыратын ата-ана мен ұстаздан кейін ол – әрине, балалар әдебиеті. Тәуелсіздік балалар әдебиеті де заманауи тұрғыда дамып келеді. Жаңа персонаждар соның бір бөлігі. Одан бөлек, идеясы мен берілу стилінде де өзгешелік бар. Қазіргі таңда балдырғандарға арналған басылымдар, түрлі көркем суреттері бар еңбектер жарыққа шығуда. Әйткенмен, ол әдебиеттердің сапасы баланың жасы мен танымтүсінігіне лайықты болуы, сапалық тұсы туындының балдырғанды қызықтыра алатындай болуы қадағалауды қажет ететіндей.

Жолтай ЖҰМАТ-ӘЛМАШҰЛЫ, жазушы:

– Жалпы, балалар әдебиеті туралы айтар болсақ, кешегі кеңестік дәуірдегі балалар әдебиеті мен жаңа ғасырдағы балалар әдебиетін салыстыра алмайсыз. Бүгінгі жеткіншектерде мүмкіндік көп. Ғаламтор арқылы кез келген елдің көркем әдебиетімен танысады. Әлемдік деңгейдегі балалар әдебиеті де 180 градусқа өзгерген. Олардың бағыты өзгеше өріс алды. Абстракциялық, фантастикалық секілді неше түрлі әдеби элементтерді қолдану арқылы тосын оқиғалар табу, шытырман жағдайларға бару көбірек кездеседі. Бір жағынан, бұл дұрыс шығар. Екінші мәселе, әлемдік деңгейдегі балалар әдебиеті тек қана көркем шығарма түрінде қалмай, кино тіліне айналып жатыр. Қазір Гарри Поттерді білмейтін бала жоқ. Бұл туралы кітап жазылды, кино түсірілді. Сосын дүние жүзіне тез таралды. Бізде де осы жанрда жазылған тәуір туындылар жетерлік. Солар әлемдік деңгейдегідей киноға немесе драма тіліне айналса дейміз. Осындай түрлі әдістерге барып, жеткіншектерге жеткізу жағын ойластырған жөн. Ең бастысы, көркем әдебиет балаларды адамгершілікке тәрбиелеуге, имандылыққа баулуға бағытталу керек. Бала – біздің болашағымыз. Олар жақсы азамат болып өссе, онда елдің келешегі бар. Сондықтан балалар әдебиетіне ерекше көңіл бөлу керек, – дейді жазушы.

Ғалымдардың айтуынша, балдырғандарға арналған шығармаларды жазғанда, оқығанының барлығына сеніп, көңіліне кірбің түсіретіндей ақпарат кездеспеуі қажет. Кез келген нәрсе көңілінен шығатындай тап-таза, тұнық дүние ұсыну керек. Ал енді үлкендерге еліктеп, көп нәрсеге қызығушылық танытатын жасөспірімдерге өміршілік маңызы бар ақыл-кеңестерді тауып алатындай, кейіпкер басынан өткен қызықты оқиғасынан сабақ алатындай шығармалармен қамтамасыз еткен дұрыс. Үлкен адамдарға арналған түрлі әдеби туындыларды оқуға балдырғандардың төзімі мен ойлау қабілеті жетпейтіні белгілі. Қабылдауына ауыр болады. Ойына да күш түседі. Балалардың бүгінгі жайына мән бермесек, болашақта оның зардабы болары даусыз. Сондықтан дамыған елдер секілді болғымыз келсе, балалардың сауатты, білікті болуына жағдай жасау керек. Ең әуелі бүлдіршіндерге арналған поэзия, проза жанрларына әлі де зерттеу жүргізіп, кемшін тұстарды жөндеу қажет. Қазіргі оқулықтарға жаңа заман авторларының енбеуінің бір себебі осы болып тұр. Бұдан бөлек, айта кететін тағы бір жайт бар. Ол – қарымды ақын-жазушылардың шығармаларының қолжетімсіздігі. Сондықтан қазіргі таңда көп қаламгер балалар тақырыбындағы барлық туындыларды жинақтап, толық жинақ шығару керек деп санайды. Қаржылық қолдау әдебиетте өте маңызды. Бұл да балалар әдебиетіндегі бүгінгі бір мәселе.

Сенатор Нұртөре Жүсіптің депутаттық сауалында:

«Елімізде жыл сайын әлеуметтік бағдарланған мемлекеттік тапсырыс бойынша миллиондаған қаржы бөлінеді. Әдебиетке де. Шығатын кітаптардың ішінде балалар әдебиетінің үлес салмағы өте төмен. Таралымы да, сапалық жағы да көңіл көншітпейді. Кейбір авторлар кітаптарды өз қаражатына шығарады. Баспа ісі, журналдар балаларға арналған материалдарды қызықты етіп жеткізудің жан-жақты жолын қарастыру керек», – дейді.

Осының өзі біраз жайттан хабар бергендей. Жалпы келешегі кемел ел ұрпақ тәрбиелеуде ақын-жазушыларға, әсіресе, балалар тақырыбында қалам тербейтін қаламгерлерге үлкен жүк артылары анық. Бұрыннан солай болған, қазір де солай. Қаламгерлердің сыналатын тұсы да осы. Бізді алаңдататыны – қазіргі балалар әдебиетінің хал-ахуалы. Өйткені бүгінгі заман басқа. Басқаша форма керек. Туындылар заманауи тұрғыда түрлену қажет. Себебі балалар прозасы да, поэзиясы да болашақ бала тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Келешегіне селсоқ қарамайтын кез келген ел балалар әдебиетіне көңіл бөледі. Жаңа заманда жас оқырманының қиялына қанат бітіріп, түрлі ғажайыпқа жетелейтін туындылар көп болса, алда ештеңеден ұтылмасымыз анық. Біздің айтқымыз келгені осы ғана.

Басы 1-бетте

Ақтілек БЕРДІБАЙҰЛЫ

Құрметті жерлестер!
Қадірменді «Ақмешіт апталығы» газетінің оқырмандары.
Қазақстанда дамудың жаңа кезеңі басталған тұста, барлығыңызға ауызбіршілік тілеймін. «Бірлік бар жерде алынбайтын қамал жоқ» демекші, бір-бірімізге сеніп жұмыс атқарсақ, болашағымыз жарқын болары анық. Мемлекет басшысы айтқандай, жаңару кезеңі басталды. Бірақ біршама уақыт керек. Біз өз тарапымыздан тиісті заңдардың жедел қабылданып, сапалы болуына, халыққа қызмет етуге бар күшімізді салып келеміз. Дәрігер ретінде жергілікті медицина саласындағы мәселелерге тоқталып, әр саланың мамандарымен бірлесе отырып, қай заңға қандай өзгеріс енгізу керегін, қай салаға қосымша қаражат бөлуді, Үкіметтің қандай мәселеге назар аударуын депутат ретінде үнемі айтып келеміз. Сіздерге сұхбат беріп, сіздермен байланыс орнатқаныма қашанда қуанамын. Ең бастысы – еліміздің болашағы жарқын болсын.

Ақмарал ӘЛНАЗАРОВА, ҚР Парламенті Сенатының депутаты:

«ЖАЛҒАН СТАТИСТИКА ЕЛДІҢ МӘСЕЛЕСІН КӨРСЕТПЕЙДІ»

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 11-ші қаңтарда өткен Парламент Мәжілісінің отырысында қоғамдағы көкейтесті мәселелерге тоқталды. Сенатор ретінде Жаңа Қазақстанның жаңа бастамаларына көзқарасыңыз қандай?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы 11-ші қаңтарда өткен Парламент Мәжілісінің отырысында қоғамдағы көкейтесті мәселелерге тоқталды. Үкіметке тиісті тапсырма беріп, алдағы уақыттағы бағыт-бағдарды анықтап берді. Сонымен қатар 8-ші ақпан күні өткен кеңейтілген отырыста Үкіметтің іс-шара жоспарын тыңдап, тиісті тапсырма берді. Ондағы басты мақсат – халықтың әл-әуқатын арттыру. Сондай-ақ қоғамдағы бірнеше жылдан бері қалыптасқан әлеуметтік теңсіздікті жою мәселесіне тоқталды. Бүгінде Үкіметтің алдында тұрған ең үлкен міндеттің бірі – жаңа жұмыс орындарын ашу, бағаны бақылауда ұстау. Өткен жылы тұрмысқа қажетті заттар мен азық-түлік тауарларының бағасы күрт өскені белгілі. Қазіргі кезде инфляция тек бізде ғана емес, дүние жүзінде орын алуда. Мәселен, шет елдерде баға 10-15 процентке дейін өсуде. Ал біздің елде қымбаттау 8-9 проценттің ортасында тұр. Алайда Президент инфляцияны 3-4 проценттен асырмауды тапсырды. Алдағы уақытта жұмыс орындарын ашу, жаңа экономиканың тетіктерін табу, кәсіпкерлікті дамыту, кәсіпкерлер арқылы халықты жұмыспен қамту, кәсіпкерге тепе-теңдік мүмкіндігін беру мәселелері бір жолға қойылады. Ел Президенті кейбір кәсіпкерлерге мемлекет қолдауы қолжетімді болса, өзге кәсіпкерлер үшін қиын екенін баса айтты. Енді бұл келеңсіздіктер жойылып, оң шешімін табады. Сондай-ақ Президент халықты қарызға батырған несие мәселесіне де тоқталды. Атап айтсақ, жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң қабылдауды ұсынды. Бүгінде Үкімет осы тапсырма бойынша жұмыс істеуде. Біз депутат ретінде осы заңды тез арада қабылдауға атсалысамыз.

– Бүгінде Парламент қабырғасында қандай мәселелерді көтеріп жүрсіз? Өзіңізге бес саусақтай белгілі денсаулық саласында мәселе аз емес.

– Сенатор ретінде көтерген мәселенің бірі шешімін тапса, енді бірін әлі де айтып, жұмыс істеп келеміз. Өткен жылы қанша жылдан бері санитарлық авиация қызметінің тарифі өзгермей, ұшақтардың ескіргенін айтып, мәселе көтердім. Өйткені соңғы жылдары ұшақтар құлап, науқастармен бірге дәрігерлерді де жоғалтып жатырмыз. Нәтижесінде мамыр айында бұл салаға қосымша 2 млрд теңге қаражат бөлінді. Санитарлық авиация қызметінің тарифі көтеріліп, жаңа ұшақтар қызметке қосылды. Бұл саланың қызмет сапасы бір қадам болса да, алға жылжыды. Сондай-ақ медициналық жоғары оқу орнында оқып жүрген студенттерге мемлекет тарапынан мекеме мен жоғары оқу орнына берілетін мемлекеттік тапсырыстың бағасы да өте төмен екенін жеткіздік. Оған жоғары оқу орнындағы студенттердің оқулығы, тиісті құрал-жабдықтары, мұғалімдердің жалақысы кіреді. 2020 жылдың қыркүйек айында осы мәселені көтергенде бір студентке берілетін қаражат 609 мың теңге еді. Оны жан-жақты есептедік. Сөйтіп, өткен жылдың мамыр айында қосымша қаражат бөлінді. Осылайша мемлекеттік тапсырыстың бағасын 2 есеге дейін өсіруге септігіміз тиді. Сонымен қатар жастар денсаулығы туралы жиі көтеріп жүрмін. Бірақ әлі күнге дейін түбегейлі шешімін тапқан жоқ. Дегенмен бұл жөнінде тиісті министрлік жұмыс істеп жатыр. Бүгінде халық санының 23-24 проценті 15-29 жас аралығындағы жастарды құрайды. Сондықтан оларға ерекше мән беріліп, жастардың денсаулығы, білім алу, жұмыспен қамту, баспана мәселесі жүйелі шешімін табу керек. Тағы да бір мәселе – трансплантология. Қазіргі кезде науқастар бір бүйрекке қол жеткізе алмай, өмірден өтуде. Сондай-ақ трансплантацияның есебінде 7-8 жыл бойы кезекте тұрғандар қаншама. Күні кеше 3 диализ орталығына барып, гемодиализ алып жүрген науқастармен кездестім. Кеңейтілген отырыста осы саладағы мәселелерді көтердік. Айта берсек, мәселе көп. Соңғы жылдары жол апатынан қайтыс болғандар саны артты. Дүние жүзі бойынша Қазақстан жол апатынан адам өлімі бойынша 105-107 орында тұр. Бұл бірнеше салааралық мәселе болғандықтан тиісті сауал әзірлеудемін. Өкінішке орай, бүгінде туа біткен ақаумен дүниеге келетін сәбилер саны да өте көп. Оның өзіндік себептері де бар. Дегенмен алдын-алу мәселесі де әлі жеткіліксіз. Осы мәселені де қозғап жүрміз. Қызылорда облысынан сайланған депутат, әріптесім М.Бақтиярұлымен бірлесе Сырдария өзенінің жайын көтердік. Қазір алдағы егін науқанына судың жеткілікті болуы үшін тиісті министрліктермен бірге жұмыс істеудеміз. Сонымен қатар биылғы жылғы бюджетті нақтылаған кезде Қызылорда қаласынан жаңа қан орталығының құрылысын салу мәселесін көтердік. Негізі бұл бірнеше жылдан бері айтылып келеді. Дегенмен оған облыстан тиісті құжаттар дер кезінде дайын болған жоқ. Бүгінде құжаттар мемлекеттік сараптамадан өтті. Осыған орай Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғинятқызыменен алдын-ала келісімге келдік. Министр мәселені қолдайтынын жеткізді. Қазір қаржы министрлігімен тиісті жұмыстарды атқарудамыз. Биыл шешімін табады деген үміттеміз.

– Денсаулық сақтау әлеуметтік салалар ішінде күрделісі екені белгілі. Десе де біздегі жетістікті қалай бөлісер едіңіз?..

– Әлеуметтік сала бойынша 2021 жылы заң қабылданып, 55 млрд теңге қаражат бөлінді. Заң аясында мүгедектігі бар азаматтарға қоғамдағы өзінің орнын тауып, жұмыс істеуге мүмкіндік жасады. Сондай-ақ бірінші топ мүгедегінің

Басы 1-бетте

күтушісіне берілетін қаражаттың көлемін көбейді. Бұрын балалар арасындағы мүгедектікті 18 жасқа дейін бөлмейтін едік. Ал қазір 7 жастан бастап, 3 топқа бөлінетін болды. Мәселен, бала жасынан мүгедектігі бар балалардың жәрдемақысының көлемі 1 топқа өтсе, айтарлықтай көбейеді. Өзіңіз айтқандай, денсаулық сақтау өте күрделі сала. Әрине жетістіктері де бар. Өкінішке орай кемшіліктері де жеткілікті.

– Жыл сайын депутаттар ел аралап, халықпен кездеседі. Осы тұста Сыр өңірі халқын мазалайтын ең өзекті мәселелерге тоқтала кетсеңіз...

– Қызылорда облысының тұрғындарын мазалайтын ең өзекті мәселе – баспана, жұмыспен қамту. Бүгінде Мемлекет басшысы да, депутаттар да жалған статистиканы қуаламай, нақты және тұрақты жұмыс орындарын ашу мәселесін қолға алу керегін айтуда. Алдағы уақытта облыс әкімдерінің жұмысын халықтың тұрақты жұмыспен қамтылу көрсеткішімен

бағалаймыз деген ұсыныс та бар. Қазір қай жерде де халықтың табысы мен базардағы бағаның айырмашылығы кеңінен талқылануда. Осы тұста баға тұрақтылығына байланысты сауалдар көп. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласына жаңашылдық қажет. Суды аз қажет ететін дақылды өсіру күн тәртібінде тұр. Бұл мәселені аймақ басшысы Гүлшара Наушақызы да айтып жүр. Ал елді мекендегі тұрғындар медициналық көмектің қолжетімділігін қалайды. Жыл басында Арал, Жаңақорған аудандарында болдық. Қазіргі кезде екі ауданда «компьютерлік томография» қойылды. Ал Қазалы ауданында «ангиография» құрылғысы бар. Бұл – халыққа уақытылы медициналық көмек көрсетуге бағытталған жұмыстар. Осы тұста медицина саласы бойынша тек жергілікті жерден емес, министрлік тарапынан шешілмей жатқан мәселелер бар екенін айта кету керек. Сондықтан медициналық қызметтің сапасы мен қолжетімділігі жиі көтерілетін мәселе. Сондай-ақ елге келген сайын мүмкіндігі шектеулі азаматтармен кездесуге тырысамын. Олардың мәселесін тыңдап, барынша жергілікті әкімдік арқылы шешіп отырмыз. Өткен жылы мүгедек жандардың өтініштері Сенат қабырғасына дейін жетті. Осыған байланысты палата төрағасы Мәулен Сағатқанұлы олармен кездесті. Сөйтіп, депутаттарға ұсыныс тастап, олардың уәждерін көтеріп, әлі де жетілдіруге қажет ететін мәселелерді қарастыруды, арнайы заң қабылдауды тапсырды. Біз жан-жақты зерттеп, жұмыс істедік. Нәтижесінде тиісті заң жобасы Сенат қабырғасында дайындалды.

– «Қазақстан халқына» қорына жиналған қаржыға сирек кездесетін дертке шалдыққан балаларға көмек берілмек. Бұл мүмкіндікті қандай диагнозы бар балалар ала алады?

– Президент «Қазақстан халқына» қорының ең маңызды мақсатының бірі сирек кездесетін дертке шалдыққан балаларға көмек беру екенін айтты. Бүгінде оған денсаулық сақтау министрінің бұйрығына сәйкес 50-ден астам ауру түрлері кіреді. Сөздің ашығы, барлық науқасқа республика тарапынан берілетін дәрі-дәрмек жеткіліксіз. Сондықтан жергілікті бюджеттен қосымша қаражат бөліп, анықталған науқастарға көмек беру, өміріне, денсаулығына төніп тұрған қауіп болса, жергілікті мәслихаттың шешімімен жұмыс жүргізілу керек. Мәселен, Қызылорда облысында денсаулық саласын басқарған 3 жылдың ішінде 8 рет облыстық мәслихаттың шешімімен осы мәселені көтердік. Нәтижесінде 30-ға жуық науқасқа қосымша тым қымбат, бірақ нәтиже беретін дәрі-дәрмектерге 200 млн теңге көлемінде қаражат бөлінді. Осылайша жылда жаңадан табылған науқастың дерті барлық жағынан дәлелденіп, алайда министрліктің бұйрығына енбеген болса, біз оған қаражатты жергілікті бюджеттен бөлетін едік. Алайда қазір мұндай жағдайды әр облыс түрлі жолмен шешімін тауып отыр. Осыған орай талдау жасау үшін барлық облыс әкімдеріне хат жолдадым. Себебі Қазақстан азаматтарының құқықтары барлық өңірде бірдей. Сондықтан бір облыстың жағдайы келеді, бірінің жағдайы келмейді деген пікірден аулақ болуымыз керек. Бұл мәселені бірнеше жылдан бері қозғап жүрмін. Алдағы уақытта жан-жақты зерттеп, талдау жасап ұсынамын.

– Қашанда ана мен бала денсаулығы басты орында. Дегенмен кесарь тілігі, экомен босанған, тіпті өзі босанғаннан кейінгі аналардың денсаулығын қалпына келтіруге арналған бағдарлама жоқ. Дәрігер, сенатор ретінде сіздің көзқарасыңыз қандай?

– Өте орынды сұрақ қойдыңыз. Бұл – өте өзекті мәселе. Мен де толық келісемін. Әсіресе Қызылордада, экологиялық апат аймағында тұратын адамдардың денсаулығына әсер етпей қоймайды. Оның ішінде жас аналардың барлығы өз денсаулығын қалпына келтіру керек. Бұл мәселені 2016 жылы Қызылорда облысында шешуге алғашқы қадам жасадық. Облыстық ана мен бала орталығында жергілікті бюджеттен сол кезде 15 млн теңгеден бастап, кейін 34 млн теңгеге дейін ұлғайып, 2020 жылға дейін жақсы жұмыс істелді. Атап айтсақ, дәрігердің жолдамасымен босанған әйелдің жағдайына қарай бірден үйіне шығарып жібермей, оңалту орталығына жатқызды. Онда жас ана мен сәбиі жіті қадағалауда болып, 21 күнге дейін емдом қабылдады. Мұндай бастаманың бізге керек екеніне сол кезде-ақ көзіміз жетті. Соңғы жылдары еліміз бойынша МӘМС жүйесі енгізілгеннен кейін оңалту және қалпына келтіру орталықтарының көлемі артып, жыл сайын кеңейіп келеді. Бірақ босанғаннан кейінгі аналарға оңалту бөлімі арнайы ана мен бала орталығының ішінен ашылу керек деп ойлаймын.

– Технократтар заманында медицина саласы жаңа технологиялармен қамтамасыз етілуде көш басында болуға тиіс. Ел медицинасындағы қандай жаңалықты мақтана айта аласыз?

– Былтыр «Ұлттық нейрохирургия» орталығына барып, профессор С.Ақшолақовтың жұмысымен таныстық. Президенттің қолдауымен 2021 жылы Орта Азияда ең бірінші Қазақстанға «Гамма-пышақ» әкелінді. Қателеспесем, ТМД елдері бойынша 4-ші мемлекет болып алып отырмыз. Бұл миында ісігі бар науқастарға ота жасау үшін өте тиімді құрал. Соңғы заманауи технологияларды пайдалана отырып, наркозсыз ота жасайды. Отадан кейінгі нәтижесі де өте жақсы. Әрине осындай медициналық құрал-жабдықтармен мақтануға болады.

– Сенат қабырғасында қандай да бір заңды қабылдауға келіспеген кез болды ма?

– Расында, мұндай жағдай кездесті. Негізі 2014 жылдан бері Қазақстанда сыра мен шарапты жарнамалауға тыйым салынған. Алайда тиісті министрлік ол заңның күшін жоюға ұсыныс білдірді. Біз оған қарсы болдық. Осы мәселе бойынша комитет басшысына кірдім. Министрлермен жұмыс істедік. Бұл ұсыныс бір ай талқыланды. Бірақ біз өз көзқарасымызды дәлелдеп шықтық. Нәтижесінде сыраны жарналамауға қатысты тыйым өз күшінде қалды.

– Бүгінде МӘМС айналасында түрлі пікір айтылуда. Қаншалықты нәтиже берді?

– Елімізде МӘМС-тің енгізілгеніне екі-үш жыл ғана болды. Сондықтан толық нәтиже берді деуге келмес. Дегенмен нәтиже жоқ деп те айта алмаймыз. Осыдан екі-үш апта бұрын Үкімет тиісті министрге тапсырма берді. Алдағы уақытта МӘМС арқылы қаражаттың тиімділігін анықтап, бағыттарын қайта қараймыз. Осыған байланысты денсаулық сақтау министрімен кездесіп, алдағы 5 жылдық бюджетіміздің негізгі басымдықтарын анықтасақ деген ұсыныс білдірдім. Өйткені білім саласы 2022 жылдың бюджетінде 36 процентке өссе, әлеуметтік сала 7 процентке артқан. Ал денсаулық саласы 11 процентке азайды. Не себепті кеміп отыр? Медицина саласында күрделі мәселелер жетерлік. Атап айтсақ, бүгінде ауылдық медицинаның жайы мәз емес. Сондай-ақ елімізде ана мен бала денсаулығы, онкологиялық аурулар өршіп тұр. Осы мәселелер жөнінде 2021 жылдың 23 желтоқсан күні бюджет қабылдаған кезде Үкімет басшысының алдында көтердім. Сол кезде осы мәселелерді денсаулық сақтау министрлігі өз тарапынан жеткізу керек деген ұсыныс айтылды. Сондықтан алдағы уақытта тиісті министрлікпен бірлесіп жұмыс істеуге дайынмын.

– Балалар дәрігері әрі сенатор ретінде «Балалар жылына» балаларды қуантатын қандай жаңалық бар?

– Елімізде ауыр науқаспен ауыратын балаларын санаториялық-курорттық емге, оңалту және қалпына келтіру орталығына жұмыспен қамту әлеуметтік қамсыздандыру басқармасы арқылы жолдама беріледі. Алайда оған баласын уақытылы апаруға көп ата-ананың қалтасы көтермей, жолдама күйіп кетуде. Осыған орай мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған заң қабылданса, ата-ананың барып келу, сол жақта тұру қаражатының 70 проценті өтелмек. Бұл тек қана балаларға ғана емес, жанына қараушы адамды қажет ететін мүгедектігі бар жандарға да арналады. Сонымен қатар осыдан бір апта бұрын ана мен бала ұлттық ғылыми орталығының жұмысымен таныстық. Сол жерде омкогематологиямен ауыратын балалардың ата-аналарымен кездесу ұйымдастырдық. Ұлттық орталықтың төрағасы Юрий Пямен бірге осы кездесуді бір айдай жоспарладық. Басқосу барысында орталықта балаларын емдетіп жатқан ата-аналардың мәселесін тыңдап, балаларға берілетін дәрі-дәрмектің сапасы жөнінде сөз қозғалды. Бүгінде ол жерде 12 айға дейін жатып, бірнеше жылға дейін емделетін балалар бар. Осыған орай олардың жағдайы мен болашағы туралы кеңінен зеттеру жүргізіп, Сенат отырысына ұсыныс дайындаудамын.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан **Ақмарал ОЛЖАБАЙ**

ЖЕМҚОРЛАРҒА ЖАЙ КЕҢЕС

Арам ас асаған бар,
Мансапқа мас адам бар.
Қанағатқа қас адам бар,
Қиянат жасаған бар...

Ап-ап деп асағандар,
Аса көп асамаңдар.
Халыққа тым қиянат,
Жарай ма, жасамаңдар.
Хватит!

ЕСІК ЖАЙЛЫ ЕСТЕЛІК

Ертеде болушы еді не бір есік,
Ешқашан жабылмайтын өмірі есік...
Бүгінде қарақшы мен қорқаулардан,
Қорғанып, құрып алдық темір есік.
Әйтпесе...

ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

БАҚ қонса «бауырмашыл» болар достар,
ТАҚ болса табылатын түрлі «дос» бар.
Бақ пен тақ бар кезінде «бәйек» болып,
Жалған дос жасап жүрер жаймен жоспар.

Қазіргі «сыйластықтың» астарында,
Бақ пен тақ, дастарханда ас барында.
«Қарғадан қағып алған ірімшікті»,
Жүрмесін қу түлкілер қастарында.

Бүгінде сезгендеймін «жылуды» өзге,
«Құрылысы» қатынастың құрылды өзге.
Көз көрсе жүз ұялар жылмаңдаған,
Шіркін-ай, үйір болдық сұлу сөзге.

Байқасын, мұның бәрі жалған бірлік,
«Бес күн» мынау өмірде жалған тірлік.
Түлкі тектес секілді тіршілігі, –
Талайлардың артында қалған тірлік.
Иә, солай!

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ

ОЛ ЗАМАН МЕН БҰЛ ЗАМАН

Ол заманда Абай:
«Тамағы тоқтық,
Жұмыс жоқтық,
Аздырар адам баласын» – деген екен.

Ал осы заманда –
Ішкені арақ,
Сусыны шарап,
Азбай қайтсін адамдар.
Сескену жоқтық,
Шеккені боқтық,
Нашаға құмар надан бар.
Оларда жоқ талдау,
Жұмысқа жалқау,
Ішімдік іздеп жүргені.
Есірткі – досы,
Ермегі осы,
Қылықтары «күрделі...»
Ойпырмай, бала-ай,
Ақыры қалай,
Болар екен бұлардың?!
Болашаққа жетпеуіне,
Тамырлап кетпеуіне,
Тосқауыл боп тұрар кім?!
Иә, әркімге Құдай сана берсін делік!

АЙҚЫНҚАЗЫ

ПӘТЕРДЕГІ ПӘТУА

Қоңыр күздің бір күні,
Кештеу тұрдым ұйқыдан.
Біреу келіп сілкіді,
Тартып есік сыртынан.
Апыл-ғұпыл киіндім,
Көйлегім бар, майкі жоқ.
Егесі екен үйімнің,
Көзім кетті банкі боп.
Ақша қашан бересің?
Пәтер төле! – деп келді.
– Табам ертең келерсің,
Қоя тұршы өкпеңді.
Деп едім ашу шақырма,
Деді ол басты қатырма.
Сүлейлерімнің заманы-ай,
Құлақ түретін ақынға.
Амал жоқ сосын жиналдым,
Кетем деп қазір ұйғардым.
Балаларымды құшақтап,
Келіншегім тұр тісі аппақ,
Пәтер іздеп қиналдым.
Іздегенімді табамын,
Қызығы көп қой қаланың.
Түйменді де тастама,
Инеңді де тастама,
Айтқаны бар еді анамның.



Бір пәтерге кеп жалпиып,
Қона кеттім қомпиып.
Көп болса деп балдарым,
Тілеп жүрген арманым.
Қос құлағым қалқиып.

ҰЛЫЛАР СӨЗІНЕН

ТОҚШЫЛЫҚТЫҢ РАХАТЫН ӘБДЕН КӨРСІН!

Баламер Сахариевтің қозы қарын байлап, семіре бастаған кезі болса керек. Бірде Мұзағаң оған тиісе сөйлеп:

Жан Бәке, мына қозы қарын қайда бара жатыр? Тамақты аздап тежемейсің бе? – дейді. Сонда Баламер:

– Бала болып бауырсақты тоя жей алмадым. Студент болып жүріп, қара нанға тоймадым. Қолым аузыма енді жеткенде бұл шіркіннің несін тежейін?! Тоқшылықтың зейнеті мен рахатын әбден көрсін! – деген екен.

ҚАЗАҚСТАН ОРТА АЗИЯҒА КІРМЕЙДІ

Кеңес Одағы кезінде бауырлас республикалардың ақын-жазушылары жиі бас қосып, әдеби жиындар өткізіп тұруды үрдіске айналдырыпты. Сондай бір мәжіліске Қазақстан мен Қырғызстанның қаламгерлері қатысыпты. Қыза-қыза келе, қырғызстандық бір ақын:

– Біздің Аалы Тоқанбаевқа жететін ақын жоқ қой, – деп мақтаныпты.

– Оны қалай дәлелдейсің? – депті залда отырған сыншы Баламер Сахариев.

– Ғабит Мүсіреповтің өзі: «Аалы Орта Азиядағы маңдайалды ақын» деп айтап па еді?!

Сонда Баламер қуақылана күліп:

– Дұрыс қой. Біздің Ғабең «Орта Азиада» деп тұр ғой. Ал Қазақстан Орта Азияға кірмейді, – депті.

Сөзден тосылған қырғызстандық ақын не айтарын білмей, залдан шығып жүре беріпті.

ТӨБЕСІ ТЕСІК ТҰРҒЫН ҮЙ

– Фельетон орнына

Белкөл менің тұрағым,
Осы кентте тұрамын.
Айтатұғын әкімге
Базынам бар, шырағым!
Жолдың бойы үйіміз,
Бірақ та жоқ күйіміз.
Терезе жоқ, есік жоқ,
Қатты әбден миымыз.
Айта-айта шаршадық,
Жер жүзіне жар салып,
Кеткендер бар там салып,
Төзеді адам қаншалық.
Барсаң міне болад(ы) деп
Шығарып салады дедектеп.
Аузынды сосын құр шөппен,
Сүртіп жүресің «қап, әт» деп.
Крышадан су ағад,
Тесіктерді қуалап.
Жүргенің сосын әуре боп,
Жамап-жасқап қиялап,
Ондай өмір сүрердей
Жасамап едім қиянат.
Өмірде де сондай ғой
Тағдырда бағың жанбаса
Сүреңсіз өмір сүресің
Жұмысың жүрмейді алға аса
Крышаң мықты болмаса,
Қалғандары далбаса.
Крышаңның жоқтығы
Барған жерің алдаса.

Ш.МҮСІЛІМ

ДЕГЕН ЕКЕН...

«Қуақының» бүгінгі санында айтыс ақындарының әзілдерін ұсынып отырмыз.

"БИСМИЛЛА" ЕМЕС, ЫССЫ МА ДЕДІМ

Сыр сүлейі Тұрмағанбет Ізтілеуов заманында діндар деп көп қудаланған екен. Сондай сәттің бірінде үйіне үкімет әскері келіп, ақынды әкеткелі жатады. Сонда зайыбы «тамақ ішіп кет, саған ол жақта кім ас әзірлеп отыр дейсің?» – деп алдына жаңа піскен тамағын қоя салыпты. Сонда Тұрекең «биссмилла» деп асына қол сала бергенде кеп тұрған кеңес жендеттері Сіз «биссимилла» дедіңіз ғой» десе сөзге жүйрік бабамыз «Мен биссимилла деген жоқпын, ыссы ма дедім», – деген екен.

БІР АҚЫН МЕН БІР БАТЫР БІР АУЫЛҒА СИМАДЫҚ

Ақын Серік Ыдырысовтың да сөз тапқырлығы керемет. Ағамыз жас кезінде үй салуға жер сұрап жергілікті басшының біріне барады. Сонда ақын ағамыздың базынасын естіген басшы: «Айналайын-ау, сен түгілі батыр Амангелді Имановтың ескерткішін тұрғызатын жер таппай отырмын» – деген екен. Сонда ат сүрінгенше ақыл табатын ақын ағамыз:

– Амангелді Иманов,
Жатырсың-ау қиналып,
Бір ақын мен бір батыр,
Бір ауылға симадық, – депті.

Мұны естіген басшы ақынның тапқырлығына риза болып, көмек көрсетіпті.

«ҚАДІР ТҮНІН» ҚАЙ КҮНГЕ БЕЛГІЛЕП ОТЫРСЫЗ?

Бір отырыста бір кісі әңгіме арасында «Рамазан айында ораза ұстау міндет емес, мен қай кезде ұстағым келеді сол кезде ұстаймын», – деп отыр дейді. Сонда Жүрсін Ерман: «Қадір түнін қай күнге белгілеп отырсыз?, – депті.

***

Тағы бірде Жүрсін Ерманмен қажылық сапарда бірге болған бір жолаушы қайтар сапарында көпшілікке «Жұмақта кездесейік, жұмақта кездесейік» – деп қайталай беріпті. Сонда Жүрсін Ерман анау жігітке қарап: «Жұрттың бәрін шақырып алып, өзің келмей қалма», – деген екен.

АҚШАҢ ЖОҚ БОЛСА, НЕМЕНЕГЕ ЖЕТІСІП КҮЛЕСІҢ?

Белгілі айтыскер ақын Балғынбек Имашов бірде ақындармен әңгімелесіп отырса керек. Сонда жетісулық жас жүйрік Сырым Әуезхан Балғынбектің әзілдеріне аузын ақсита ашып, қарқылдап күле беріпті. Балғынбек ағасы «Сырымжан, тістерің жөндеуге келіп тұр екен. Жөндетіп алмайсың ба?» – дейді әзіл-шыны аралас. Сонда Сырым: «Тістерімді емдетер ақшам болмай жүр», – десе керек. Осы сәтте Балғын ағасы: «Ақшаң жоқ болса, неменеге жетісіп күлесің?» – деген екен.

ХОЛОДИЛЬНИКТІ ІШІНЕН ЖАУЫП КӨРМЕППІН

«Он сегіз мың ғаламнан мені іздесең, келіп тұр карт Каспийдей теңізге сен» деп жырлаған маңғыстаулық ақын Нұрлан Мұсаев бірде айтысқа барады. Барған жерінде ақындарды күтіп алып, газельге мінгізіп жатады. Ақындардың соңынан мінген Нұрлан газельдің есігін қатты жауып жіберсе керек. Шопыр жігіт «Жай жаппадыңыз ба, үйіңізде холодильник жоқ па еді?» – дейді. Сонда Нұрлан: «Кешіріңіз, холодильникті ішінен жауып көрмеппін», – деген екен.

БӘРІҢ ОТЫРЫП МЕНІҢ БІР ТЕЛЕФОНЫМДЫ ШЫРЫЛДАТЫП ҚОЙДЫҢДАР МА?

Жерлесіміз, үш дүркін алтын домбыра иегері Мұхтар Ниязов бірде сыртқа шығып қайтып келсе, үйіндегілер: «бағанадан бері телефоның шырылдап жатыр. Біреу ала алмай жатыр-ау» депті. Сонда сөзінің арасына қыл сыймайтын айтыс ақтаңгері: «Бәрің отырып менің бір телефонымды шырылдатып қойдыңдар ма?» – деген екен.

***

Бірде Мамыр Байдәулетов ағамыз жылқы сойып сатумен айналысыпты. Содан қалған жіліктерді шәкірті Мұхтардың үйіне апарып береді екен. «Ақшасын кейін берсең де болады» – деп. Алмайын десе аға сөзін жыға алмайды, алайын десе ертең ақшасын беру керек. Бір отырыста көпшілік жұрт мақтап жатыр екен. «Мамырдың сойып жүрген жылқылары семіз екен, қазысы екі елі, еті тәтті» – деп. Сонда Мұхтар Ниязов: «Мамыр ағаның жылқысының қазысы екі елі болғанымен, біздің маңдайдың соры бес елі ғой», – деп айтқан екен.

«ҚАЙҒЫЛЫ ҚАҢТАР» ОҚИҒАСЫ КЕЗІНДЕ ДҮКЕНІ ТОНАЛҒАН КӘСІПКЕРДІ ШАХАНОВША ЖІГЕРЛЕНДІРУ

Сен жыладың, кәсіпкер,
Көп көрдім деп қаңтарда қиянатты.
Дүкеніңді содырлар қиратқаны
Көңіліңе күмәнді ой ұялатты.
Террористің талқандап таптағаны,
Елдің де арқасына иә, батты.
Халқың бар қолтығыңнан демейтұғын,
Бәрін жөнге келтірер тиянақты.

Сен жыладың,
Жігерің жасып ағып,
Жігерлі ең ғой, сен оған жасыма түк.
Қырмызы күнім өтті деп.
Осымен бәрі бітті деп.
Сен жыладың,
Аңғармай қалай қалдым деп,
Аяқтан өмір шалдың деп.

Бір қатты соққы алдым деп,
Бақытсыз болып қалдым деп.

Сен жыладың,
Демеймін селт етпедім.
Кім досым, қалайды дейсің
Кәсіптің кері кеткенін.
Шашыңа ақ түсіріп, шекеңді терлеткенің.
Аян ғой дүйім жұртқа, аянбай тер төккенің.

Жә, жә, жарар,
Өткен күн оралар ма,
Қарау керек, кәсіпкер, саған алға.
Жоспарды жаңаша құр, шығынды саналама,
Әбігерге салды елді
Әңгүдік ана бала.

Көтер, кәне, басыңды, қалай мұның,
Мұз боп еріп кеткен бе бар айбының?
Жасырмай сырыңды ақтар елге
Ойыңды ашық айтар орайлы күн.
Қыран құстай кең серпі қанатыңды,
Алдыннан туады әлі арайлы күн.

Кім айтты саған,
Тұлпарды сүрінбейді деп,
Асауды мінілмейді деп,
Темірдің тоты шығып,
Ағашты мүжілмейді деп?
Өрілген түйе жүннен арқанды үзілмейді деп,

Кім айтты саған,
Өмірді сынақсыз деп,
Бақытты тұрақсыз деп
Бір жалқау жатып үйде,
Бақытын жылапты іздеп.
Сен ондай жан емессің,
Ойламаймын қуатсыз деп.

Қиналып бекер алаңдадың-ау,
Ойыңды шығар өріске.
Шешімін ойдың таба алмадың-ау,
Сәтсіздіктерге беріспе.
Қолдап қорғайтын мемлекетің бар,
Жетесің әлі жеңіске.
Адамға арман жеткізіп пе еді?
Өз сорын өзі жеңбесе.
Тілеукор болып халқың отыр,
Қайратыңа мін ендеше!

Бетті дайындаған: **Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ**

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4256 **Тапсырыс №281**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Ақмарал ОЛЖАБАЕВА